Қызметтік жазба

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (бұдан әрі - Заң) 16 – бабының 3 – тармағының 28- тармақшасына аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алуға сәйкес сатып алулардың жеделдігін, бәсекелестік сатып алу қорытындылары бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудың ұзақ мерзімдерін (шамамен 17 күнтізбелік күн), сондай –ақ сапалы қызметтер (біліктілік еңбек ресурстары) алу қажеттілігін ескере отырып Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Сәкен Сейфуллин елді мекенін абаттандыру (сырлау) жұмыстарына «Қуаныш» жеке кәсіпкермен тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден жасалынды. ЖК «Қуаныш» С.Сейфуллин елді мекеніне тіркелген салық төлеуші болып табылады.

Заңның 16-бабының 5-тармағына сәйкес, шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндеттерін атқаратын адам не орталық мемлекеттік орган аппаратының басшысы не аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам қабылдайды.

Сонымен қатар, Заңның 16-бабының 6-тармағына сәйкес шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алудың қағидаттары сақтала отырып жүзеге асырылады.

Бұл ретте, тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған тұлға жоғарыда аталған қағидаттардың сақталуына дербес жауапкершілікте болады.

Тапсырыс беруші Заңның 5-бабының 1), 4), 6) және 7) тармақтарда көзделген қағидаттарды сақтау мақсатында әлеуетті өнім берушілерден 3 (үш) баға ұсынысын сұратқан, сондай-ақ шығыстардың түрлері бойынша есептеу кезінде нұсқаулық ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалар дерекқорын пайдаланған.

Бұл ретте, шарт жасасқаннан кейін Қағидалардың 510-тармағына сәйкес, Тапсырыс беруші бес жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда осы жазбаны көрсете отырып, шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті орналастырады.

Ауылдық округ әкімі **Б.Қыдырбаев**